КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 03 желтоқсан № 2301-24-00-2/2983 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.М. Момынжанов,
сот отырысының хатшысы ретінде Ш.М.Борисованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Bekzat» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілдері А.К.Маженов, Г.Е.Мендакулова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 27 тамызда «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тапсырыс беруші, Басқарма) мен «Bekzat» жеке кәсіпкері (бұдан әрі – Өнім беруші, Кәсіпкер) арасында мемлекеттік сатып алу туралы №52 шарт (бұдан әрі - шарт) жасалып, жауапкер «Республикалық «Үздік бейнеролик» және облыстық журналистер арасында «Үздік мақала» байқауларын өткізу» бойынша қызметті 2024 жылғы 30 қарашаға дейін көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолдану мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген, жалпы бағасы 5 900 000 теңге.

2024 жылғы 27 тамызда шарт қазынашылық органға тіркелген.

Шарт бойынша қызмет көрсету орны – Атырау облысы.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, Өнім беруші қызмет көрсетудің сипаттамасы мен талаптары бойынша Тапсырыс берушінің келісімімен байқаулардың ережелерін бекіту, танымал әлеуметтік желілерге хабарландырулар жариялау, комиссия құрамын бекіту тиіс.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2024 жылғы 06 қыркүйекте Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес ұсыныстарды 2024 жылғы 09 қыркүйекке дейін тапсыруды сұраған.

2024 жылғы 25 қарашада шарт биржақтама бұзылған.

Басқарма талап қоюда Кәсіпкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын негізге алып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сотта талап қоюшы өкілдері А.К.Маженов, Г.Е.Мендакулова талап қоюды қолдап, жауапкермен шарт талаптары бойынша өз міндеттемелерін тиісте түрде орындамауы, жағымсыз салдарлардың туындауына себеп болғандығын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Кәсіпкер өз өкілінің сотқа келуін қамтамасыз етпеді, сол себепті іс Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, оның қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес (бұдан әрі - Заң), мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарт міндеттеменің туындауының негізі болып табылады.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Шарттың қосымшасы – «Үздік бейнеролик және мақала байқауын ұйымдастыру» қызметінің техникалық ерекшелігіне сәйкес, Өнім беруші қызмет көрсетудің сипаттамасы мен талаптары бойынша Тапсырыс берушінің келісімімен байқаулардың ережелерін бекітуге, танымал әлеуметтік желілерге хабарландырулар жариялауға, комиссия құрамын бекітуге міндетті.

Іс-құжатарына сәйкес, Тапсырыс беруші 2024 жылғы 06 қыркүйекте Өнім берушіге шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес ұсыныстарын 2024 жылғы 09 қыркүйекке дейін тапсыруды сұраған.

Алайда, бұл мерзімде Кәсіпкер шарт талаптары бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Бұл мән-жай шарттың 25 қарашада биржақтама бұзылуына себеп болған, оны жауапкер дауламаған.

Демек, істі қарау кезінде тараптардың міндеттері АК-нің 403-бабының күшімен тоқтатылған.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 04.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2025, судья Момынжанов Ж. М., 10.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АК-нің 359-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Заңдарда немесе шартта жауапкершіліктің және одан босатылудың өзге негіздері ескерілуі мүмкін.

Жоғарыда келтірілген материалдық құқық нормаларын құқықтық талдаудан шығатыны, қарастырылып отырған жағдайда өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану өзінің құқықтық мәні бойынша шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін санкция болып табылады.

Өнім берушіні азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің бұл түріне тарту, ол кінәлі болған жағдайда ғана жол беріледі. Жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талапты қанағаттандыру үшін міндеттемені бұзудың бір ғана фактісінің болуы жеткіліксіз, бұл ретте бұзушылықтар елеулі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарға әкеп соқтыруы талап қоюды қанағаттандыруға негіз болып табылады.

Сот, өнім берушіні шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін кінәлі деп табады. Ол жіберген бұзушылықтар тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарға әкелген, өйткені тапсырыс беруші шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылған.

Бұл мән-жайлар тапсырыс беруші ұсынған іске қатысты, жарамды және анық критерийлерге сәйкес келетін сот отырысында зерттелген дәлелдемелермен расталады.

Бұл мән-жайды кері шығаратын дәлелдемелерді жауапкер АПК-нің 72-бабына сай сотқа ұсынбады. Бұл оның процессуалдық олқылықтары болып табылады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды (АПК-нің 73-бабының 1-бөлігі).

Өз кезегінде, сотқа шешімді болжамдаудың негізінде құрастыруға тыйым салынған.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 04.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2025, судья Момынжанов Ж. М., 10.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осылайша, жауапкердің шарт талаптарын орындамауы оған Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген салдарға әкеп соғады.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты және қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, сот жауапкердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын, шарттың біржақтама бұзылғанын, нәтижесінде тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлар туындап, Заңның 12-бабы 4-тармағында белгіленген мерзімде сотқа жүгінгенін ескеріп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, талап қою қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 (0,5 АЕК=1 8460 теңге) теңге мемлекеттік баж өндірілуі қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Bekzat» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Bekzat» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Bekzat» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты келтіруге мүмкін.

Судья **Ж.М. Момынжанов**

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 04.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2025, судья Момынжанов Ж. М., 10.01.2025